

М.Абдулханова

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ТӘЖІКСТАННАН КЕЛГЕН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТІЛІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аннотация. Бұл мақалада ашық дауысты дыбыстардың алмасуы жайында сөз болады. Сөйленістерде байқалып жүрген дыбыс алмасуының түп төркіні бүкіл түркі тілдерінің фонетикалық жүйесімен байланысты әрі тамырын кең жайған құбылыс. Өйткені тіліміздегі қай дыбыс алмасуын алсақ та, түркі тектес тілдердің арасындағы дыбыстық алмасулардан айырмашылығы жоқ десек те болады. Бірақ фонетикалық ерекшеліктер мол болғанымен, сөйленістің дыбыстық құрамы әдеби тіліміздің дыбыстық құрамынан өзгеше емес, сөйленістегі дыбыс саны және олардың жасалу жолдары (артикуляциясы) әдеби тіліміздегі дыбыстармен үйлесіп, бірігіп жатады. Әдеби тілде жіңішке айтылатын кейбір сөздердің сөйленісте жуан айтылуы, ал жуан айтылатын кейбір сөздердің жіңішке айтылуы, үнді, ұяң және дауысты дыбыстар аралығында келген кейбір қаған дауыссыздардың ұяңдамауы тәрізді құбылыстардың фонетикалық сипаттағы ерекшеліктер түрінде қараймыз.

Тірек сөздер: фонетика, дыбыс, дауысты дыбыс.

М.Абдулханова

Международный казахстанско-турецкий университет имени Х.А.Ясауи

ФОНЕТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ РЕЧИ КАЗАХОВ ИЗ ТАДЖИКИСТАНА

Аннотация. В данной статье речь пойдет об обмене гласными. Корень звукового обмена, наблюдаемый в речи, связан с фонетической системой всех тюркских языков и имеет обширные корни. Ведь какой бы звукообмен мы ни взяли, он не отличается от звукового обмена между языками тюркского происхождения. Но, несмотря на обилие фонетических особенностей, звуковой состав речи не отличается от звукового состава нашего литературного языка, количество звуков в речи и способы их создания (артикуляции) сливаются и сливаются со звуками нашего литературного языка. В литературном языке мы рассматриваем такие явления, как твердое произношение в речи некоторых слов, которые произносятся мягко, мягкое произношение в речи некоторых слов, которые произносятся твердо, рассматриваем как особенности фонетического характера такие явления, как оглушение некоторых глухих согласных, находящихся между гласными, сонорными и звонкими согласными.

Ключевые слова: фонетика, звук, гласный звук.

M.Abdulkhanova

Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

PHONETIC FEATURES OF THE KAZAKH SPEECH OF KAZAKHS FROM TAJIKISTAN

Annotation. In this article, we will talk about the exchange of vowels. The root of sound exchange observed in speech is related to the phonetic system of all Turkic languages and has extensive roots. After all, no matter what kind of sound exchange we take, it does not differ from the sound exchange between languages of Turkic origin. But, despite the abundance of phonetic features, the sound composition of speech does not differ from the sound composition of our literary language, the number of sounds in speech and the ways of their creation (articulation) merge and merge with the sounds of our literary language. In the literary language, we consider the phonetic features of such phenomena as the bold pronunciation of some words, the subtle pronunciation of some words, the subtle pronunciation of some words, the subtle pronunciation of some hard consonants that came between vowels, vowels, and vowels. The article considers the phonetic features of the Kazakh language in the speech of Kazakhs who came from Tajikistan.

Keywords: phonetics, sound, vowel sound.

Тәжікстан қазақтарының тілін фонетикалық тұрғыдан сөз еткенде, онда қазақ әдеби тіліндегі дыбыстық нормадан үлкен ауытқушылықтардың жоқ екенін айтуымыз керек. Дегенмен, бұл аталған өлкенің тұрғындары тілінде фонетикалық ерекшеліктер тіптен кездеспейді деген сөз емес. Республиканың өзге жеріндегі жергілікті халық тілінде кездесетін айырмашылықтар бұл жерде де бар. Мұндай дыбыстық өзгешеліктердің ең бастысы деп, дыбыс алмасуларын айтуға болады. Бүгінгі мақалада қарастыратынымыз **ашық дауысты дыбыстардың алмасуы**. Сөйленістерде байқалып жүрген дыбыс алмасуының түптөркіні бүкіл түркі тілдерінің фонетикалық жүйесімен байланысты әрі тамырын кең жайған құбылыс. Өйткені тіліміздегі қай дыбыс алмасуын алсақ та, түркі тектес тілдердің арасындағы дыбыстық алмасулардан айырмашылығы жоқ десек те болады. Бірақ фонетикалық ерекшеліктер мол болғанымен, сөйленістің дыбыстық құрамы әдеби тіліміздің дыбыстық құрамынан өзгеше емес, сөйленістегі дыбыс саны және олардың жасалу жолдары (артикуляциясы) әдеби тіліміздегі дыбыстармен үйлесіп, бірігіп жатады. Әдеби тілде жіңішке айтылатын кейбір сөздердің сөйленісте жуан айтылуы, ал жуан айтылатын кейбір сөздердің жіңішке айтылуы, үнді, ұяң және дауысты дыбыстар аралығында келген кейбір қатаң дауыссыздардың ұяндамауы тәрізді құбылыстарды фонетикалық сипаттағы ерекшеліктер түрінде қараймыз. Сол сияқты дауысты, дауыссыз дыбыстардың белгілі бір сөздерде түсірілуі (аферезис, синкопа), кейбір дыбыстардың қосылуы, орын алмасуы (эпентеза, метатеза) арқылы да көрінеді. Бұл сияқты дыбыстық алмасулар кез келген сөзде кездесетін құбылыс деп қарамай, белгілі бір топтағы ғана дыбыстық алмасулар деп қарау керек. Өйткені кез келген дыбыстың бірінің орнына бірі айтылуы дыбыс алмасуы бола бермейді. Өзара алмасып отыратын дыбыстардың жүйесі бар.

а/ә дауыстыларының алмасуы. Қазақ тілі сөйленістерінде жуан *а* дауысты дыбысының орнына жіңішке *ә* дыбысының, сондай-ақ *а*, *ә* орнына *е* дауыстысының бірінің орнына бірінің қолданылуы жергілікті сөйлеу тілінде кең жайылған құбылыс болып саналады. Мұндай дыбыстық алмасулардың жиі байқалатын жері – Қазақстанның оңтүстік өңірі мен оған көршілес тұратын Тәжікстан, Өзбекстан, Қарақалпақстанды қоныстанған қазақ диаспорасының сөйлеу тілі. Енді осы тілдердегі сөздерде кездесетін дауысты дыбыстардың алмасуына назар аударайық (1-кесте).

Кесте 1 – *а/ә* дауысты дыбыстардың алмасуы

Оңтүстік өңір мен Тәжікстандағы қазақтар тілінде	Өзбек тілінде	Қарақалпақ тілінде	Қазақ сөйленісінің көпшілік жерінде	Қазақ әдеби тілінде
әжел	Ажал	Әжел	ажал	ажал

әлдіңгі	олдинги	Әлдинги	алдыңғы	алдыңғы
әтіреп	Итрап	Әтрап	агырап	агырап
әре	Ари	Хәрре	ара	ара
әпте	Хафта	Хәпте	апта	апта
әсіл	Асил	Хасыл	асыл	асыл
кәуіп	Хавп	Кәуип	қауіп	қауіп
кәліп	Қолип	Кәлип	қалып	қалып

Бұл кесте арқылы берілген мысалдардан бірінші бағанаға енген сөздердегі жінішке *ә* дауыстысының орнына Қазақстанның Орта Азиядан шалғай жерінің бәрінде дерлік жуан *а* дауысты дыбысының айтылатыны көрініп тұр.

Беріліп отырған кестенің құрамындағы *ә* дауыстысына тән осы тілдердің дере-гімен сәйкес келетіндерінің көбі кірме сөздер. Мәселен, тізімдегі *әжел, әтіреп, әсіл, әпте, маусім, тәрәп* тәрізді сөздердің бәрі араб-парсы тілдерінен енген.

Біраз ғалымдардың тұжырымдауына қарағанда, *ә* дыбысының шығу төркіні күн-шығыс (араб-иран) тілдеріне барып тіреледі [1, 235-б.]. Осы күнгі лексикамыз-дың құрамында *ә* дыбысы қатысатын көп сөздердің сол тілдерге тән екені де сондықтан. *Ә* дыбысы тілімізге әбден сіңіп алған соң, қазақ тілінің төл сөздерінің құрамында да қолданыла бастайды. Бірақ бұл дыбыс төл сөздермен қатар, кірме сөздердің де екінші буынынан әрі өткен емес.

Өзбектермен аралас отырған Тәжікстан және Ташкент айналасындағы қазақтар тілінде өзбек тілінің әсерімен бұл дыбысты *тушпәра, мұқамбәре* (ысырапшылық), *мұбәрәк* (құтты), *мәмләкәт* сөздерінің соңғы буындарында айтуға дағдыланған.

Зерттеліп отырған өңірдегі қазақтар тілінен мысал келтірейік:

Пәре – пара (өзбекше – пара / паре). *Басыңа іс түссе пәре бер, пәре бермесең, жүре бер. Пәте* – бата (өзбекше – фотиха, араб тілінде – фотиһе). *Құр саяққа пәте жүрмес* (Мақал). *Әтіреп* – атырап (өзб. – атраф; тараф деген сөздің көпшесі). *Әулінің (ауланың) әтіребі таза болса, адамның көңілі ашылады. Әбіржү* – абыржу. *Қауырт болып әбіржіп кеттік. Әзгәна* – азғана, азғантай (өзбекше – озгина / эзгине). *Әзгәне болса, саз гәна болсын. Әбиүр // әбүйер* – абырой (өзбекше – өбрү, тәжікше – обру). *Күннен-күнге оның әбүйірі көтерілді.*

Құрамында *ә* қолданылатын сөздердің сөйленістеріміздегі көлемі бұл келтірілген мысалдармен ғана шектелмейтінін ескерген жөн. Қазақ сөйленістеріндегі *ә*-мен айтылатын сөздердің саны, тараған аймағы әлдеқайда мол. Олардың бәрін бірдей өзге тіл ықпалында қарауға болмайды. Мысалы, оңтүстік өңірден тыс қазақтар тілінен жиналған *әсан* (жан), *маусім* (маусым), *әбіржі* (абыржы), *әжуәнде* (жауатанда), *таутеке* (таутеке), *тәйтері* (тайтері), *әләкпе* (алаәкпе) тәрізді т.б. сөздерді өзге тіл ықпалында алып қарауға сыя бермейді.

Зерттеліп отырған өңірдегі тұрғындар тілінде біраз сөздерде *а* мен *ә* дауыстыларының керісінше алмасып, жінішке *ә* орнына жуан *а* айтылатын жәйттері де бар. Мұндай сөздердің таралу шегі жінішке айтылатын сөздердің таралу шегімен бірдей келіп отырмайды. Дегенмен бұл құбылыс та ортаазиялық аймаққа тән болғандықтан, осы өңірдің деректерімен салыстырып беруді жөн көрдік (2-кесте).

Кесте 2 – *ә* / *а* дауысты дыбыстардың алмасуы

Орта Азия республика-лары және оған көрші-лес қазақтар тілінде	Қырғыз тілінде	Тәжік тілінде	Өзбек тілінде	Қарақалпақ тілінде	Қазақ тілінде
патува	батва	Фатво	фатво	пәтва	пәтва/бәтва

палан	белан	Фалои	фалои	пәлән	пәлен/бәлен
аламат	алаамат	Аломат	аломат	аламат	әлемет
айал	аял	–	аәл	хаял	әйел
аран	араң	–	аран	–	әрен
жардем	жардам	Ердам	ёрдам	жәрдем	жәрдем

Шығу төркіні жағынан алсақ, бұл сөздердің біздің тілде де және салыстырып отырған тілдерде де өзге тілден ауысқан сөздер екені байқалады. Олардың дені араб-парсы кірмелері.

а/а дауыстыларының алмасуы. Әдеби тілдегі жінішке дауысты *ә* дыбысының орнына зерттеліп отырған сөйлеу тілінде біраз сөздерде *а* дыбысы қолданылады:

Адам – әдет. Мысалы, *Біздің адатымыз біраз өзгешелеу. Адайы* – әдейі. Мысалы, *Домбырашыны адайы шақырттық. Айтауыр* – әйтеуір. Мысалы, *Айтауыр қолынан келген жардамын аямады. Акім* – әкім. Мысалы, *Жолушы жүріп кеткен акім де келіп үлгерді. Акем* – әкем. *Азыл* – әзіл. Мысалы, *Азылың жарасса азылдас; Азылдасқанға не жетсін. Ал* – әл, хәл. Мысалы, *Онымен алысуға алым жетпейді. Бары* – бәрі. *Дары* – дәрі. *Дәліз* – дәліз. *Сал-пал* – сәл-пәл. Мысалы, *Сал-пал ілгері жылыжып отырыңыз. Тәжік* – тәжік. Мысалы, *Тәжік тілінде оқыған. Тәрбия* – тәрбие. *Бұлар тарбия көрген балалар.*

Тәжік қазақтары тілінен жоғарыда келтірілген сөздерде жінішке *ә* орнына жуан *а*-ның қолданылуы негізінен араб-иран тілдерінен енген сөздерде кездеседі. Олар: *адат* (әдет), *аял* (әйел), *аке* (әке), *а-лам* (әлем), *әулие* (әулие), *бикар* (бекер), *ғунаһар* (күнәхар), *қа: да* (кәде), *сәлде* (сәлде) және басқа кісі аттарына байланысты сөздер [2, 12-б.].

Қазақ тілінің басқа сөйленістерінде де бұл құбылыс едәуір сөздерді қамтиды. Мәселен, бұл дыбыстық алмасу Семей облысының Көкпекті, Ақсуат аудандарында *жардам* (жәрдем), *аял* (әйел), *тарбия* (тәрбие) [3, 76-б.], Қарақалпақстанның оңтүстігінде *аура* (әуре), *маз* (мәз), *ары* (әрі) [4, 17-б.] тәрізді сөздер құрамында қолданылады.

е/ә дауыстыларының алмасуы. Тәжік қазақтары тіліндегі көзге көрінерлік елеулі құбылыстың бірі – езулік *е-ә* дауыстыларының алмасуы. Сан жағынан бұл ерекшелік біраз сөздерді қамтиды. Мысалы: *кәм* – кем. *Біраз адамдардың саны кәм. Кәсал* – кесел. *Арасында кәсалге шалдыққандар да бар. Ләген* – леген, *кәсә* – кесе, *кәлте* – келте. *Кетменнің сабы кәлте. Мәктәп* – мектеп (өзб. – мактаб), *әсал* – әсел (бал), *дәреу* – дереу, *кәу-кәулеп* – кеу-кеулеп, *мәмләкәт* – мемлекет (өзб. – мамлакат), *кәрамәт* – керемет, *кәптәр* – кептер, *кәсал* – кесел т.б.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне келсек, түркі тілдерінің ішінде *ә* дыбысын ең сирек қолданатын тілдердің бірі біздің тіліміз екені мәлім. Қазақ тілінде өзге түркі тілдерінде *ә* қолданылатын жерде үнемі *е* дыбысы қолданылады. Ұйғыр, әзербайжан, башқұрт, татар тілдерінде *ә* дыбысы өте жүйелі қолданылатын дыбыс-тардың бірі. Тарихи тұрғыдан алғанда, *ә* – ескідегі жазбалардан бастап, қазіргі көп түркі тілдерінде жиі қолданылатын дауыстылардың бірі. Бірақ қазақ тіліндегі *ә*-нің қолданылу жәйі басқаша. Қазақ тілінде *ә* көп кездесетін сөздер – кірме сөздер. Анығын айтсақ, араб, парсы сөздері. Дегенмен тілімізде кірме сөздерден тыс та *ә*-нің қолданылатын жері жоқ емес. Мәселен, *шәш*, *жәй* (сөйле), *жәйә*. Бұдан өзге жағдайда басқа түркі тілдеріндегі *ә* келетін жерде қазақ тілінде *е* қолданылатыны белгілі. Айталық, татар тілінде *килә*, *қурә* болып айтылатын етістік формаларының қазақ тілінде *келе*, *көре* болып айтылатынын білеміз.

Езулік *е-ә* дыбыстарының алмасуы Қазақстанның барлық жерлерінде кездеседі. Кейде бес-алты сөз көлемінде, ал енді бір жерде бұл дыбыстар өте мол сөздерді қамтиды. Диалектолог Ж. Болатовтың зерттеуінше, мұндай фонетикалық құбылыс Семей, Шығыс Қазақстан, Ресейдің Таулы Алтай өлкесіндегі тұрғындар тілінен де

кездестіруге болады [35]. Ал еліміздің кейбір аудандарында бұл дауыстылардың алмасулары аз көлемде кездесіп отырады. Мәселен, қазақ тілінің Шу сөйленісінде *қарамат* (керемет), *діңкә* (дінке), *шәк* (шек), *мәкән* (мекен) тәрізді сөздердің құрамында *е* – *ә* дыбыстарының алмасуы кездеседі [5, 30-б.].

Алайда Тәжікстан, Қарақалпақстан, Ауған-Иран қазақтары тіліндегі *е-ә* дауыстыларын қамтитын сөздерінің саны әлдеқайда басым. Ауған, Иран қазақтары тіліндегі *әгер* (егер), *бәкәр* (бекер), *баркәт* (берекет), *дәрт* (дерт), *зәргәр* (зергер), *мәкән* (мекен), *уәдә* (уәде) т.б. сөздердің құрамында *е*, *ә* дыбыстары алмасады. Осы пікірді зерттеп еңбек жасаған ғалым Б.Өтебеков *е-ә* дыбыстарының алмасуы көп сөздерді қамтитынын айта отыра, бұл құбылыстың болуы тікелей өзбек тілінің әсері деп қарайды [2, 13-б.]. Қарақалпақ тілін зерттеуші Б.Бекетов *е-ә* дыбыс-тарының алмасуын Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі басты ерекшеліктердің бірі деп санайды. Олай дейтін себебі, оның сөйле-ністегі өрісінің кендігі соншалық, ол құбылыс сөздердің бірінші, екінші, үшінші буындарында да, тіпті сөздерге жалғанатын қосымшалар құрамында да жиі кезде-седі. Мысалы: *ләген* (леген), *нәсибі* (несібе), *дәрау* (дереу), *кәмпір* (кемпір), *дүкән* (дүкен), *көрмәдік* (көрмедік), *мәмләкәт* (мемлекет), *қарамәт* (керемет), *кәсә* (кесе), *нәтижә* (нәтиже) т.б. [4, 17-б.].

е/а дауыстыларының алмасуы. Зерттеліп отырған өңірдегі тұрғындар тілінде жиірек кездесетін ерекшеліктің бірі – езулік *е*-нің ашық *а* дауысты дыбысымен алмасуы. Сан жағынан олар 20-ға жуық сөзді қамтиды. Сөйленістегі *е* дыбысының тіл арты *а* дыбысына алмасуы көбінесе сөздердің екінші, үшінші буындарында кездеседі. Олар: *керәк* – керек. Мысалы, *Жерді айдау үшін әкімшіліктер рұхсат алу керәк. Пешана* – пешене, маңдай. Мысалы, *Пешанаңа жазғанын көресің. Парзант* – перзент. Мысалы, *Екі-үш парзантым бар. Ертаң* – ертең. Мысалы, *Ертаңіне біз де қалаға жеттік. Жей берады* – жей береді. Мысалы, *Жемді жейберады. Камда-кем* – кемде-кем. *Кетады* – кетеді. Мысалы, *Сабақ бітісімен Қорғантөбеге кетады. Магазинда* – магазинде. Мысалы, *Магазинда біраз кітаптар бар. Бірге* – бірге. Мысалы, *Біз олармен бірге тұрдық, қоңсы болдық. Дүниа* – дүние. Мысалы, *Аның алған дүниасы мол болды. Тәрбиа* – тәрбие. Мысалы, *Бұл баланың тәрбиасы жақсы екен. Түсінамын* – түсінемін. Мысалы, *Мен де тәжықше түсінамын. Мачыт* – мешіт. Мысалы, *Мачыт та біздің үйден алыс емес. Ажел* – ажал. Мысалы, *Ажелге кім араша тұра алады. Агер* – егер. Мысалы, *Агер оны көре қалсаңыз бізден сәлем айтарсыз.*

Осы сөздермен қатар мына төмендегі кісі аттарындағы соңғы *а* дауысты дыбысының орнына жінішке езулік *е* дыбысы қолданылады. Олар: *Әлиме* – Әлима, *Сәлиме* – Сәлима, *Кәмиле* – Кәмила, *Хадише* – Хадиша. Бұл құбылыс Қазақстан территориясында Семей облысының Көкпекті, Ақсуат аудандарында *керемат* (керемет) [3, 77-б.], Шу өңірінде *бекарға* (бекерге), *дәража* (дәреже), *шидан* (шиден), *атпан* (атпен) [5, 29-б.]. Қарақалпақ қазақтары тілінде *есап* (есеп), *абдан* (әбден), *әура* (әуре), *мекан* (мекен) [4, 17-б.] тәрізді бірін-бірі қайталамайтын басқа-басқа сөздердің құрамында кездеседі. Бұл құбылыс – аралас отырған өзбек, тәжік халықтары тілінің әсерінен туған ерекшелік. Демек, тәжік қазақтары тіліндегі бұл құбылыс сол жерді мекен етіп отырған өзбек, тәжік халықтарымен жиі қарым-қатынас жасауынан туған тілдік ерекшеліктер екені айқын байқалады.

Сонымен, біз зерттеп отырған өлке қазағының тілінде *е* дауыстысының үнемі *ә* емес, кейде *а* дауыстысының да алмастыратын ыңғайы бар. Бұлай болуы да түсінікті. Өзбек тілінің дыбыстық жүйесі тұрғысынан қарағанда, *а*, *ә* бір-біріне аса жақын дыбыстар. Қазіргі өзбек әдеби тілінде бұлардың арасында орфографиялық айырма да жоқ. Осы екі дыбыстың бірінің орнына бірінің қолданылуы жөнінде талғаусыздық біз зерттеп

отырған сөйленісте де байқалады. Осы жердің қазағы үшін *тикәр // тикар* деп айтуда тұрған онша айырмашылық жоқ. Демек бір өңірде *ә* мен *а* жапыхалықтық тіліміздегі *е*-нің орнына қолданылатын дыбыс болып есептеледі. Әрине, оның қолданылуында белгілі шек бар. Біздің байқауымызша, *а* мен *ә*-нің көп қолданылатын сөздері – өзбек тілімен ұқсасатын сөздер. Жоғарыдағы келтірілген мысалдарды қарап отырып, олардың айтылуы көбінесе өзбек тілімен дөп түсіп жатады. Осыған қарап, бұл дыбыстық алмасуларды да өзбек тілінің ықпалынан деп қараудың жөні бар (3-кестені қараңыз).

Кесте 3 – *е/а* және *ә/ә* дауысты дыбыстарының алмасуы

Тәжік сөйленісінде	Өзбек тілінде	Қазақ сөйленістерінің көбінде	Әдеби тілде
экэ/эка	ака	әке	әке
әсел	асал	бал	бал
гәуләп//кәуләп	кафла		
ега	ега	ие//еге	Ие
егәр	егар	ер	ер
дәрәу//дәрреу	даррав	дереу	дереу
жәдел	жадал	жедел	жедел
дәрәжә	даража	дәреже	дәреже
кәм	кам	кем	кем

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1965. – 45 б.

[2] Өтебеков Б. Қазақ диаспорасының тілі. – Алматы: Білім, 2000. – 181 б.

[3] Болатов Ж. Семей облысының Көкпекті, Ақсуат аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы // ҚТТ мен ДМ. 3-шығыуы. – Алматы, 1960. – 30 б.

[4] Бекетов Б. Қарақалпақ қазақтарының тілі (Қарақалпақстан Республикасының оңтүстік аудандарындағы қазақ тілі говоры). – Алматы: Рауан, 1992. – 128 б.

[5] Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говоры (Шу бойындағы қазақтар тілінен жиналған материалдар бойынша). // Жауапты редактор Ш.Сарыбаев. – Алматы, 1972. –176 бет.